family values. At the same time, the aspect of gender education is emphasized by depicting the roles of the mother, father, and child within the family. The author places family values above all else.

The scientific significance of this study lies in its examination of children's science fiction prose within the framework of technology, family values, and a gender-based approach. The results of the study show that modern technologies in the digital age are unable to replace family values.

Keywords: D. Mamyrbaeva, modern technology, robot, family values, gender education.

Авторлар туралы мәліметтер

Секей Жанбота* – филология ғылымдарының кандидаты, «Шәкәрім университеті» КеАҚ, қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан Республикасы, Семей, e-mail: janbota2010@mail.ru, ORCID: http://orcid.org/0000-0002-0984-7860.

Саганаева Гульнур Бейсембаевна – филология ғылымдарының кандидаты, «Шәкәрім университеті» КеАҚ, қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан Республикасы, Семей, e-mail: gulnursaganaeva@gmail.com, ORCID: https://orcid.org/0000-0003-1538-5348 .

Сведения об авторах

Секей Жанбота* – кандидат филологических наук, старший преподаватель кафедры казахской филологии НАО «Шәкәрім университет», Республика Казахстан, Семей, e-mail: janbota2010@mail.ru, ORCID: http://orcid.org/0000-0002-0984-7860.

Саганаева Гульнур Бейсембаевна – кандидат филологических наук, старший преподаватель кафедры казахской филологии НАО «Шәкәрім университет», Республика Казахстан, Семей, e-mail: gulnursaganaeva@gmail.com, ORCID: https://orcid.org/0000-0003-1538-5348.

Information about authors

Zhanbota Sekey* – candidate of philological sciences, senior lecturer of the department of Kazakh Philology of the NJSC «Shakarim University», Republic of Kazakhstan, Semey, e-mail: janbota2010@mail.ru, ORCID: http://orcid.org/0000-0002-0984-7860.

Gulnur Saganaeva – candidate of philological sciences, senior lecturer of the department of Kazakh Philology of the NJSC «Shakarim University», Republic of Kazakhstan, Semey, e-mail: gulnursaganaeva@gmail.com, ORCID: https://orcid.org/0000-0003-1538-5348.

Редакцияға енуі 20.08.2026
Жариялауға қабылданды 29.09.2026

https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-3(7)-15
ҒТАМР: 17.01.09

Қ.К. Мәдібаева
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко к-сі, 28
ORCID: 0000-0002-2396-1467
e-mail: Kapi-51@mail.ru

АБАЙ ТЕКСТОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ТЫҢ ДЕРЕК

Аңдатпа. Мақалада Абай мұрасының мәтіндік нұсқаларын зерттеудегі тың деректер мен оларды ғылыми айналымға енгізудің маңызы қарастырылады. Негізгі назар Тұрсын Жұртбайдың «Білмей мұны жазған жоқ» еңбегінде қамтылған, бұрын ғылыми айналымға кеңінен түспеген Шығыс Түркістан аймағындағы екі қолжазбаға аударылады. Зерттеуде Шериаздан Марсековтің «Абай Құнанбайұлының тәлімдері. Шәкәрім Құдайбердіұлының тәлімдері» және аты беймәлім хаткер-кәтіптің «Абай өлеңдерінің көшірмелері» қолжазбаларының сақталу тарихы, құрылымы, жазу ерекшеліктері, 1909 жылғы жинақпен және өзге мәтіндік нұсқалармен арақатынасы сөз болады. Мәтіндік салыстыру, қолжазба сипаттамасы, жазу үлгілерін тарихи-тілдік тұрғыдан саралау әдістері негізінде Абай өлеңдерінің түпмәтінін анықтауға әсер ететін факторлар көрсетіледі. Жеке сөздердегі, қосымшалардағы,

өлең жолдарындағы және тұтас шумақтардағы айырмашылықтардың пайда болу себептері талданып, қазақ текстологиясында кешенді салыстырудың қажеттігі негізделеді. Зерттеу Абай мұрасын қазіргі ғылыми талаптармен түгендеу, мәтіндік нұсқаларды салыстыра зерделеу және қолжазбаларды дербес ғылыми нысан ретінде қарастыру бағыттарының өзектілігін айқындайды.

Тірек сөздер: Абай текстологиясы, Абай мұрасы, қолжазба, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Шериаздан Марсеков, Зият Шәкәрімұлы, мәтінтану.

Кіріспе

Абай мұрасының хатқа түсірілу, жиналу, сақталу, тасқа басылу тарихында ұзақ жылдар бойы Абайдың қандас туысы ғана емес, рухани інісі, Абай айналасындағы ғана емес, XIX ғасырдың соңғы ширегі, XX ғасырдың басындағы ғана емес, жалпы қазақ руханиятындағы айтулы тұлға Шәкәрім Құдайбердіұлына қатысты деректер қағаберіс қалып отырды. Бұл мәселенің нендей себептері болғандығын белгілі бір мәнде көпшілік біледі де.

Осы бағытта Абайдың 175 жылдығы қарсаңындағы қарбалас шаруада, көп жылдар көкейінде жүрген істің «Абай академиясы» ҒЗИ құрылуымен орайы келіп, абайтануда, әуезовтануда бір адамдай еңбек жасап келе жатқан зерттеуші Тұрсын Жұртбай бірталай тың пайым, соны деректерімен бөлісті.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институтының ғылыми жобасы бойынша ЕҰУ-нің жанындағы «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығында орындалған осы жұмыстың Абай текстологиясының мәселелеріне қатысты нақтылы ұтымды нәтижелері тұрғысында сөз қозғағанда қадап айтар тұғырлы тұстар бар.

Еңбектің бейнетінен қашпайтын зерттеуші бұл еңбегінде құлақ елеңдетер бағытта құрғақ лепірме емес, Абай мұрасын игеруде дәлел, дәйекке сусап келе жатқан текстологияның түбегейлі міндетінде бірқатар көкейкесті мәселелер бойынша қисынымен, жүйесімен, ғылым үшін қажетті кәдесімен жазыпты.

Ғалым қазірге шейін ғылыми айналымға түспеген Шығыс Түркістан аймағында Зият Шәкәрімұлының қолындағы Абайдың 1909 жылғы жинағы мен Шәкәрімнің қолжазба дәптерімен салыстырылып көшірілген Шериаздан Марсековтің және беймәлім көшірмесінің 1909 жылғы Абайдың тұңғыш жинағынан көшірілген қолжазбалары бойынша жұмыс жүргізген.

«Өйткені, бұл қолжазбаларда осы уақытқа дейін Абай өлеңдерінің текстологиясы жөнінде талас пікірлер тудырып келген, әр түрлі жорамалдарға негіз болған түйткілді сұрақтарға нақты жауап беретін мәтіндік дәйектер бар. Жинаққа екі қолжазбаның факсимилесі және ондағы мәтіндік айырмашылықтар Абай өлеңдерінің 1909 жылғы жинағы мен 1995 жылғы академиялық басылымдағы мәтіндермен жарыстырыла-салыстырылып, сол мәтіндердегі айырмашылықтардан туындайтын түйткілді мәселелерге ғылыми пайымдаулар мен талдаулар да берілді. Мұндай салыстырмалы басылым абайтану саласындағы тұңғыш рет жүзеге асырылып отыр» [1].

Төрт тараудан, іштей бірнеше жүлгеден тұратын, жеке тақырыптар бойынша салыстырулар жүргізілген «Мұны жазған ойланып...» (Абай Құнанбайұлының тәлімдері) атты Бірінші және «Ойда бардан толғанып...» (Абай өлеңдері. СПб. 1909 жыл. Көшірме) атты екі тарауға бөлінген Екінші бөлімнен тұтастанған зерттеудің әрбір сөзі қадағалап, ынтамен ұғынуды міндеттеп тұр.

Бұл еңбектің өзіндік маңызы абайтануда еленіп, екшеленетіндігі мәселесі – өз алдына, Абай мұрасына, Абай тұлғасына 2020 жылғы мерейтой қарсаңында атойлап «тиісіп», алатайдай «бүлінген» қайсыбір тұтас абайтану іліміне қарсы пікірлерге уәж айту, және бір дәлел келтіру бойынша да кәделі зерттеу болғандығын атап айтсақ, айып емес. Зерттеудің басым айрықшалық, ғылыми негізділігі тұрғысында көп оқырманның бірі есебінде де, Абай басылымдары бойынша 3 томдық толық жинақтың (2020) жұмыс тобында болғандағы бетпе-бет келген түйткілдер негізінде де өзіндік болжам, шамаға қарай жасалған тоқтамдарым бойынша да ой бөлісуді міндет көрдім [2].

Абайтанудың бір ғасырдан озып кеткен тарихын түгендеп, жүйелеп, ғылыми негізде саралау міндетінде еңбектеніп жүрген ғылыми ортаның әр зерттеуінде олжалы дүние бар екендігі ұдайы ескеріліп отыруы тиіс.

ХХ ғасырдың өн бойында Абай тұлғасы, Абай мұрасы сан мәрте талқыға түсті. Қазақ қай кезеңде де тұтасымен Абай десе елеңдеп отырды. Қызыл көз саясаттың өзінен Абайын амалдап аман алып өтті. Бұл тарихтың ізіне түскен адам Абай туралы жазылған әр зерттеу, әр деректің ақиқаты мен айтылу үшін айтылғанын аңлап, барлап отыруға мүмкіндік алған заманға да жеттік.

Жүйелі қоғамтанушылық, тарихи таным, көркемдік негіздерде ашылған, айтылған көп айғақ, мол ұғым – абайтану ілімі қазірде көпшілік назарына ұдайы алынып отырмайтыны, жаһандағы жаңа дүние мұрат-мүддемізге қайтусыз ықпалын тигізіп, құндақ, құндылығымызды жайпап, жалмап бара жатқанын да сезінеміз. Дәрменсіздік таныту – ұлтқа сын. Барын жоғалтпай, жайқалып, жайнап отырған өркениеттер тарихы тағылымды бір замандарда қайдан алғаны намыс жанитын жарқ-жұрқ сәттерде осы Тұрсын Жұртбай зерттеуіндей еңбектер жазылып қалады. Жанкешті ой танымның жалпақ жұрттың игілігіне айналуы қиын қазіргі уақытқа итеріп қойып, қарап отыра беруге дәтің шыдамайтын бір сәттер бар ғой...

Бірінші тарау – «Білімдіден шығып... Талаптыға кез болған сөз».

«Тағдырлы дәптерлердің тағдыры туралы» деп жақшамен берілген айқындамасы бар.

Кіріспе сөз текстологияның – мәтінтанудың орыс, қазақ әдебиеттану негізінде Тұрсын Жұртбай өз тәжірибесінде негіз етіп келе жатқан 27 қағидасына тоқталудан басталып, қазақ ғалымдарының қолданып жүрген әдіс-тәсілі көне қолжазбалардың мәтінін оқығанын қосқанда 17-ге жуық екен деген көп айтыла бермейтін, елең еткізер ақпаратпен басталыпты. Автор осында әсіресе қолжазбалардың сақталу дерегінің де мәтінтанудағы маңызына ден қойған.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу материалы ретінде Тұрсын Жұртбайдың 2020 жылы жарық көрген «Білмей мұны жазған жоқ (Абай өлеңдерінің көшірмелері: факсимиле, текстологиялық салыстыру және мәтіндік талдау)» еңбегінде қарастырылған қолжазба нұсқалар, 1909 жылғы Абай жинағы және мәтінде аталған кейінгі басылымдар алынды. Талдау барысында қолжазбалардың сақталу тарихын, графикалық және орфографиялық ерекшеліктерін, мәтіндік айырмашылықтарын, сөздердің мағыналық және құрылымдық өзгерістерін салыстыруға негізделген текстологиялық тәсілдер басшылыққа алынды.

Нәтижелер мен талқылау

«Өздерінің иесімен қоса тауқыметті басынан кешіріп, тағдырдың таңбасы басылған Абай өлеңдерінің көшірме екі дәптері, ғайыпты-ғайыпсыз жолмен, ашығын айтқанда, қазақтың жоралғы тарту жолымен, біздің кітап сөремізден орын алып еді. Иелерінің азаппен, босқындықпен өткен, түрме көрген ғұмырын еске алсақ, осы бір екі қолжазбаның қалай аман сақталып қалғанына жағамды ұстап таңданатынмын. Қолжазбадан гөрі зиялы кәтіптердің (кәтіп – жай хатшы, көшіруші ғана емес, дербес оқымысты тұлғаға берілетін лауазым, мысалы, Жүсіп Баласағұнға берілген ғылыми атақ – hac хаджип хатиб» [1].

Абай елінің адамы Тұрсын Жұртбай әрі қарай бұл көшірмелердің жай-жапсарын жас кезінен біршама білгендігін ескертіп өтіп, абайтануда, неге екені белгісіз, кейінгі азат заманда да тым қозғала қоймаған бір мәселені бүркемелемей, анығымен айта бастайды.

«Әрі бауыры, әрі ақын шәкірті ретінде Абайдың әр өлеңі дүниеге келген сайын Шәкәрімнің өзі ақынның алдына барып көшіріп алып отырған. Кейде Абайдың өз ұлдары, соның ішінде Мағауия әкесінің жаңа өлеңдерін көшіріп, Шәкәрімге жолдап отырған. Шәкәрімнің сол Абай өлеңдерін көшіріп, жинақтаған мұқабалы қатирасы қашан, 1931 жылы қазан айының басында Шығыс Түркістанға бет алған зауалды күнге дейін қобдишасында сақталған. Ал, Сәбит Мұқановтың сұрауы бойынша дайындаған өз шығармаларының көшірмесінің бір данасы және Абай өлеңдерінің көшірмесі сақталған екінші дәптері Шәкәрімнің ұлы Зияттың алдын-ала жөнелтілген теңінің ішіне салынған екен» [1].

Жер ауып барған қилы тарих, қысымды тағдырлар жайын тарқата баяндаған автор Алаш қайраткерлері Райымжан Марсековтің де сол өңірге ірге тепкені, аймақтағы қазақтың

оқу-ағарту ісін қолға алғандығы тұрғысында бірқатар елеулі деректер келтіріп отырады. Ол өз алдына көп тарих.

Осында Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралында» [3] анық таңбаланған дауыссыз дыбыстардың жіңішкелік белгісін талқылау нәтижесі, Нұртаза Шалғынбайұлы атты ел ағасының оны дәйекше ретінде белгілеу ұсынысының қолдау тапқандығы, осы әліпбиге байланысты оқу құралы қажет болғанда ағартушы азаматтардың Абайдың, Шәкәрімнің, Әсеттің шығармаларын жаппай көшіріп, оқулық ретінде пайдаланғанына ден қоюы Абай мұрасының текстологиялық мәселесінде қаға беріс қалып жүрген факторлардың бірі тұрғысында да жұмыс жүргізудің міндетінде де маңызды.

«Міне, біздің қолымыздағы Шериаздан Марсековтің «Абай Құнанбайұлының тәлімдері. Шәкәрім Құдайбердіұлының тәлімдері [1] және әзірге аты бимағлұм Хаткер-кәтіптің «Абай өлеңдерінің көшірмелері» [4] атты қолжазбалар сол 1932-1934-1943 жылдары (Бұл: қытайдың сол кездегі жыл қайыруы бойынша есептелетін 1943-1945 жылдар аралығы болуы мүмкін деген уәж бар. Ол дербес әңгіме) аралығында қатираға көшіріліп түсірілген. Ал, ол өлеңдер Абайдың 1909 жылғы жинағы мен Зияттың қолындағы Абай мен Шәкәрім өлеңдері жазылған дәптермен салыстырылып көшірілген. Бұл туралы нақты деректер мен дәлелдер жеткілікті» [1].

Тұрсын Жұртбайдың екі қолжазба тарихын кең шолып, Қазақстандағы Алаш қозғалысы, «Алашорда» үкіметі тарихынан келтіріп отыратын деректері екінің бірінің тісі бата бермейтін, отандық тарихтың зерттеуші көп үңіліп, көп зерттеген елеулі бір тұсымен тұтасып жатыр.

Бұл тарихтың Абай мұрасының сақталу, хатқа түсуіндегі беймәлім дерекпен сабақтастығы абайтануда алғаш рет қозғалуымен де маңызды, елеулі. Кітапта көп уақиға, көп тарих көз көрген адамдар дерегімен, сақталған құжаттар өзегімен қайта тіріліп, еріксіз жетелеп ертіп отырады.

Қытай жерінде түсірілген бір суретте отырған Алаш қайраткерлерін көпшілігіміздің көзіміз үйреніп те қалған. Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, т.б. бірге түскен сурет. Бірақ осы суреттің тарихын екінің бірі біле бермейтіні де рас. Бұл тұрғыда да алаштанушы Тұрсын Жұртбай келтіріп отыратын деректерде кең тарихи арқау, тың астарлар бар.

«Шығыс Түркістандағы төрт үкіметтің тәржімашысы болған Кәрім Акрами «Алашорда» делегациясының Қытайға сапары» атты мақаласында: «Шығыс Түркістанның шекара бастығы Ян Зың Шинмен кездесіп кеңес өкіметіне қарсы күресу үшін көмек сұрауы, бірақ та Ян Зың Шин: өз елінің ішіндегі азаматтық соғысты сылтауратып, қандай да бір қол ұшын беруден бас тартты» [5], – деп жазды.

К. Акрами дегдар тарихшы С. Смағұловаға: бұл мәліметті 1946 жылы Шериаздан Марсековтің айтуы бойынша жазып алғанын айтыпты [4]»

Тұрсын Жұртбай Шериаздан Марсековтің бергі бет, арғы беттегі өмірін ұрпақтарының, көзкөргендердің естеліктерімен, фотосуреттермен әдіптеп отырып баяндайды. Алаш идеясы жолында басын құрбандыққа берген ардақты адамның Абай мен Шәкәрімнің өлеңдерін көшіріп сақтауы тұрғысында да мол мағлұматпен қанықтырады.

«Біздің қолымыздағы, мектеп оқулығы ретінде пайдаланылған Абай мен Шәкәрім өлеңдерінің қолжазбасы, міне, осы ұстаздық етіп жүрген кезінде, дәптердегі күн мен айы, жылы көрсетілген өзінің қолтаңбасына жүгінген, 1932-1934 жылдардың аралығында жазылған (Минго жыл есептеу мәселесіне сәл кейін дербес тоқталамыз). Иесі – Шығыс Түркістандағы түрме азабын бір емес екі рет қатарынан тартқан кезде, одан кейінгі аумалы-төкпелі көтерілістер мен босулар тұсында, мына қолжазба қалай аман сақталып қалды?».

Қолжазбаны сақтап жеткізген Балқаш Әлімғазы ұлы Бафин туралы айтып келіп: «Қолжазбаны Б. Бафиннің архивінен табылуы таңдандырмайды, бірақ, ол кісінің қолына қалай түсті? Жауапсыз сұрақтың бірі осы», – дейді Т. Жұртбай. Бұл мәнде дерек тапшы, өкінішке қалдырған сәттер бар.

Қилы тағдыр, қырық пышақ заман сұсын баяндаудың, сезіндіре, жеткізе айтудың кейбір иірімдерінен Абай өлеңдерінің қолжазбасына қайта қайырылған зерттеуші осы мәнде нендей

сергелдең күйлер болғанын өзі жоғарыда тоқталған мәтінтанудың, текстологияның айтыла бермейтін, тарих сөйлейтін тұстарынан туындайтын айрықшалықтарымен бір түйіндеп өтеді.

«Бұл қолжазбадағы мәтінді салыстыра отырып ажырата оқу, ондағы әрбір айырмашылықтарды талдап, пікір қорыту барысында адамның жүйкесін шүйкелейтін, міне, осындай психологиялық мыс пен қысымды анық сезіндік. Абай өлеңді қандай жағдайда жазды, Шәкәрім оны қашан көшіруі мүмкін, өзінен естіді ме, жоқ, біреу арқылы жетті ме? Тосқауылдан қашқан кезде ол дәптер кімде болды? Шериаздан Марсеков бұл қолжазбаны Зияттың өзінен көшіріп алды ма, жоқ, әлдебір көшірмеден көшірді ме? Бұл қолжазбаға ие болған адамдардың барлығы да осыншама тағдыр тауқыметіне ұрынған қияметті кезде, дәптердің өзі қалай аман сақталып қалды, кім сақтады, кімнен кімнің қолына қалай көшті, ол жағы бізге бимәлім еді» [1].

Қолжазбаны Тұрсын Жұртбайға «Отырар кітапханасы» сирек кітаптар мен қолжазбалар Орталығының ашылуы тұсында Никара Мұхамеджанқызы Бафина өзіне жеке сәт есебінде тарту етеді. Соны жарыққа шығарудың сәті 2020 жылы түскен.

«Шериаздан Марсековтің қолжазбасы төрт бұрышты, көлемі 20,5 х 16,5 сантиметр, қоңыр түсті, торлама бет қалың дәптерге қара сиямен жазылған, әріптері анық түскен. Жалпы көлемі 136 бет. Көшірменің ішкі мазмұндық құрылымы туралы бүкіл бір бетке ғұсни әріппен өрнектеліп жазылған: «1-ден бастап 84-ке дейін Абай Құнанбай ұлының тәлімдері. 85-тен аяғына шейін Шәкәрім Құдайберді ұлының тәлімдері. 1/1-беттен деген мағынада», – деген ескертпе берілген.

Өлеңдер бірінен кейін бірі жалғасып отырады. Өлең жолдарының ұзын-қысқалығына байланысты бір бетке кейде екі, кейде үш қатар етіп көшірілген. Тақырыптар қойымы, жүйелей реттеу тұрғысынан алғашқы 1909 жылғы өлеңдер жинағының ұзына мазмұны сақталғанымен де, шығармаларды көшіру барысында еркін түрде реттеген. Мұның себебі, көшіруші негіз етіп алып отырған Шәкәрімнің қолжазбасының да рет жүлгесін сақтауға ұмтылғандығында болса керек» [1].

Қолжазбаға сипаттама беруінде Т. Жұртбай ештеңені қағыс қалдырмайды. Мұраны сақтаудағы қилы өткелдерден жеткен ешбір белгінің елеусіз болмайтындығына мейлінше мұқият. Абай өлеңдерінің көшірме нұсқаларын жасаудағы таудай еңбегі там-тұм ғана айтылып келе жатқан Мүрсейіт Бікіұлының көшірме қолжазбалары бойынша әзірге осындай толымды сипаттама жоқ. Оның да қайсыбір себептерін Тұрсын Жұртбайдың Шериаздан Марсеков көшірмесін аударып-төңкеріп, арғыны да, бергіні де қосып қорытып зерделеуінде ұғына түскендей болдық.

Көшірменің құрылым жүйесі, өлеңдердің берілу реті, бірінші бетіндегі қытай иероглифімен таңбаланған қызыл мөр – осының барлығы өткенді оятатын қадау-қадау деректер. Көшірменің қолдан қолға өту тарихын заманның қилы беталысымен астастыра отырып, нақпа-нақ, болжам болса да, болғаны оның қолжазбаның сақталу фактісін тарқата баяндаған Тұрсын Жұртбайдың ақпарат жеткізуде мәселеге қатысы бар адам есімдерін кіріктіріп, сол жандардың өмірдерегін бүгінгі ұрпағымен ықтияттап отыру дағдысында хатталған құжатты дерек болмаған, болса да бәлкім қитұрқы уақыттарда көзі жойылған қазақы қалыптың жағдайында абайтануда тірі дерек – көзкөрген, көзкөргенді көріп, тыңдаған адамдардың естелігіне айрықша мән берген Мұхтар Әуезов өнегесін ғылыми тұғырлы құбылыс маңызында ұстанғандығын да көрсетеді.

Көшірме қолжазбаның әр сөзін, әр парағын сипаттау; қажетті жерінде суретін басып беріп отыру ыждаһатымен де автор бейғам, салғырт, үстірт, шалакөңіл ынтамен Абайға үңілуден дәнеңе шықпайтынын меңзейтіндей.

Қолжазба соңындағы «Жинаушы – Шериаздан Марсеков» деп қойылған қол – өткеннен бүгінге жеткен құнды құжат.

Әрі қарай қолындағы екінші қолжазбаның тарихына түсіп, жалпы бағадан гөрі нақты дерек құнды болып отырған абайтанудың ендігі кезеңіндегі қат, тапшы, бәсі көтеріле түскен өмірлік баяндарға кеңістік ашады.

Аманжан Жақып Тұрсын Жұртбайға тарту еткен қолжазба.

«Назарға ұсынылып отырған екінші қолжазба «Абай өлеңдері. Санкт-Петербург. 1909 жыл. Көшірме» деп аталады. Көлемі 21,5 х 17,5 сантиметр. Жіңішке сызықтың бойымен кейде екі, негізінен үш қатар тізіліп күлгін сиямен жазылған. Алғашқы 3 беті жоқ» (сонда, 25-б.).

Қолжазбаның қай өлеңнен, ол өлеңнің қай тұсынан басталғаны, жалпы қанша парақ, неше беттен тұратындығы, соңында қойылған қолдың ажыратылып оқылмағандығы, екі қолжазбаның да осы уақытқа шейін ғылыми айналымға түспегендігін ескере келіп, Тұрсын Жұртбай негізгі мәселеге көшеді.

«Екі қолжазбаның ғылыми-текстологиялық маңызы неде және біздің бұл жәдігерлерге соншама құштарлықпен ынта қоюымызға қандай себеп мәжбүрлік етті? Қолжазбаны баспаға дайындау барысында қандай ғылыми-текстологиялық әдіс-тәсілдер қолданылды, қандай қиындықтарға тап болдық, соған тоқтала кетейік» [1].

Осы бағытта Тұрсын Жұртбай айтатын болжамдар, түйіп отыратын тоқтамдардың Абай текстологиясын зерттеу әдістемесінде нендей жаңалығы бар деген сауалдың көкейде тұратыны даусыз.

Т. Жұртбай Шериаздан Марсеков қолжазбасына қатысты қолжазбаның Шәкәрім Құдайбердіұлының өз қолымен жазылған Абай өлеңдерінің жинақ дәптерінен тікелей көшірілуінде деп жорамал жасайды.

Қолжазба тарихын шағатай, татар жәдид жазуы мен А. Байтұрсынұлының әліпбиі және жиырмасыншы-отызыншы жылдардағы қазақ тілінің жазу үлгісі мен емілесін, кирилл қарпімен жазуға қатыстыра отырып қарастыру – қазақ текстологиясында, соның ішінде Абай текстологиясында жолға қойылуы кенжелеп қалған өзекті ғылыми әдіснама. Тұрсын Жұртбай қайта-қайта жазу алмасып, қарпі қырық түрлі таңбалану тағдыры әлі күнге жалғасып келе жатқан қазақ жазуы жағдайында әдеби мұраны мәтіндік тұрғыдан қалыптау, түгендеудің аса кір күйіп тұрған, кез-келгеннің тісі батпайтын күрмеулі, күрделі мәселені күн тәртібіне қоюда нақтылы жұмыс жүргізуді бастап отыр деу керек. Әрине, бұл мәселені әдебиет тарихын зерттеу мектебін негіздеген айтулы тұлғалар білмеді емес, білді. Қолы байлаулы, ойы қамаулы, көзін жұмып сөйлеуге мәжбүр болған кезеңдерде мүмкіндігі де, қысқа ғұмырда қазақтың қай жоғын түгендеймін деп жан беріп жүргенде мұршасы да болмаған осы бір тым түйткілді, ғылыми жөнде аса күрделі мәселені бастау дәп қәзіргі кезде Тұрсын Жұртбайға лайық.

Рымғали аға Нұрғалидың әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде, қазақ әдебиеті кафедрасындағы бір әңгімесінде замандасым Тұрсын Жұртбай туралы айтқаны есімде жүреді.

Университетке түсу емтиханында оқытушы Рымғали Нұрғали бір үміткердің Ыбырай Алтынсарыұлы туралы «XIX ғасырда төбеге шығып, төңірегіне қараған» деген пікір айтқан шығармасын оқиды да, жас бала өз бетімен мұндай ой айтуы мүмкін емес деп ойлайды. Сол үміткер – Тұрсын Жұртбай. Білгір ғалымды ақыры иландырған ғой.

Сол Тұрсын Жұртбайды көп еңбек жасап жатқан, қазақ руханиятының сарқылмайтын, шалдықпайтын жанкештісі деп халық жақсы көреді. Алдыңғы толқындардың әмбебаптығы қанында қалған Тұрсын Жұртбай індете зерттеп жүрген сан-сала, көп арнаның бірі – абайтану. Текстологияға баруға қақысы бар. Қазақ жазуының бірнеше үлгісін ынта қойып игерген, үйренген, білетін білікті маман. Жазу жөнінен, мәтіндік нұсқалар бойынша төрелік айтуға әлеуеті жететін сирек зерттеудің бірі.

«Бұл қолжазбаның, бұрынғы 1909 жылғы жинақтан, Мүрсейіттің қолжазбасынан басты және сапалы айырмашылығы – Абай мен Шәкәрімнің өлеңдері қазақтың 42 әрпін түгелдей таңбалайтын және тыныс белгілерінің барлығы қамтылған таза тілмен жазылуында. Шәкәрім де, Зият та, Шериаздан да шағатай, жақит-татар, төтеше және кирилл жазуларын еркін таратып оқитын, Абай өлеңдерінің түпкі мәтінін жатқа білетін адамдар. Сондықтан да, түпнұсқаға барынша жақын нұсқа деп бағалауға толық негіз бар» [1].

Үзілді-кесілді айтқандай көрінгенімен, Тұрсын Жұртбайдың бұл тоқтамында толып жатқан қисын тоғысқан түйін бар.

Абайдың әдеби мұрасының түпнұсқалық құқы Мүрсейіт Бікіұлының көшірме қолжазбалары (1905, 1907, 1910) мен 1909 жылғы Санкт-Петербургте басылған тұңғыш жинағына қатысты болып саналатыны [6]; кезінде Мұхтар Әуезовтің Мүрсейіт Бікіұлының көшірмелеріне мән беруі [7], 1909 жылғы тұңғыш жинақты Абайдың інісінің баласы Кәкітай Ысқақұлы мен өз баласы Тұрағұл Ибраһимұлының баспаға дайындағандығының елеулі маңызы бұл мәселеде көмескіленіп, кейін ығыстырылмайтындығы даусыз. Алайда, қаріп жөні, оның оқылу, жазылу үдерісіндегі он-сан ауытқу, құбылу, сөз қисынын бұзу, өзгерту фактісінде Тұрсын Жұртбай айналымға қосып отырған Шериаздан Марсеков көшірмесі мен 1909 жылғы кітаптан көшірілген, хатқа түсірушісі беймәлім қолжазбаның, бірнеше жазу үлгісін еркін таратып оқитын адамдар жасаған екі көшірменің түпнұсқаға барынша жақын нұсқа болу ықтималдығын да ескеру күрмеуі көп текстологияның әлдебір жұмбақ тұстарын жеңілдетуге септігін тигізетіндігі даусыз.

Мүрсейіт Бікіұлының көшірме қолжазбалары да, 1909 жылғы жинақ та жазу құбылыстарының ықпалы мәнінде текстологиялық «тексеруден» өткен жоқ. Қолжазба нұсқалардың да, 1909 жылғы жинақтың да қажетінде, кезеңінде қаралып, кәдеге жарап, Абай мұрасын баспадан шығаруда түпнегіз болып отырғандығы даусыз. Алайда Абай әр жылдардағы жинақтарының әрбір сөздің жазылуын әрқалай беріп келе жатқандығының бір себебі ілгерідегі жазу үлгілерін, сөздің айтылуы мен хатқа түскендегі оқылуында болатын тілдік-дыбыстық айырмашылықтарды қай жазу үлгісінің қисынымен, таңбалану үрдісімен беріп отыру ұстанымында ғылыми бірізділіктің сақталып отыру мүмкіндігінің бола бермегендігімен де сабақтасып жатыр [8].

1909 жылғы жинақтың 2009 жылы кирилл қарпіне көшірілген нұсқасы мен 2020 жылы шығыстанушы Т.Қыдыр қазіргі жазуға көшірген мәтінінде бірқатар айырмашылықтар бар. Абай Құнанбайұлының кезекті жинағын баспаға әзірлеу барысында мәтінмен жұмыс істеу үстінде сөз айырмасының әр қолжазба, әр жинақта қаулап жүргенін көріп, ұшығын қайдан іздеуге біліктілігім жетпеген кездерде Тұрсын Жұртбайдың осы жазуды оқу мәселесіне қатысты ойлары қараңғыда көрген сәуледей назар аударған.

Осы бағытта Абай мұрасына тиесілі бар қолжазба, бар басылымды түгендеп салыстыру, тілдегі ықпалдастық факторларын, қазақ жазуының жиі өзгерген үлгілерінің бүккен сырын барлап отырып дұрыс мәтінді түгендеу жұмысы жалғасын табуы міндетті ғылыми бағыт екендігіне ден қойғанымыз қажет.

Мұхтар Әуезов 1933 жылы араб қарпіндегі жазу латын қарпіне көшкенде Қызылордада шыққан Абайдың тұңғыш толық жинағындағы қателер бойынша 206 түзету жасаған ғой.

Осы мәнде Тұрсын Жұртбайдың айналымға тартқан екі қолжазба нұсқаны саралау тәлімінде өзекті, өтімді қисындар мазмұн түзген.

«Міне, осы арада, Абай өлеңдерінің 1909 жылғы жинағынан 1943 жылы көшірілген, әзірге аты бимағлұм болып тұрған Хаскер-кәріптің қолжазбасының ерекше маңызы бар екенін атап өту керек. Тіпті, абайтану үшін елеулі маңызы бар жәдігер деуге де болады. Неге дейсіз бе? Біз осы арада еруліге-қарулы: 1909 жылы баспадан шыққан жинақ пен Мүрсейіттің қолжазба көшірмесі бола тұра, осы уақытқа дейін Абай өлеңдерінің мәтіндік-текстологиялық ортақ және тұрақты нұсқасы неге жасалмай келді, оның себебі неде? деген сұрақ қоямыз. Бәсе, неге?

Мәселе мынада: Абайдың өлеңдер жинағы да, Мүрсейіттің қолжазбасы да қадымы шағатай тілінің, ішінара Қоюм Насыри салып кеткен татар-жәдиттік емілесінің, И.Тисыралы негіздеген қырым-татар мен түрік тіліне «ортақ жазу» үлгісімен жазылған. Осындай шұбар тіл мен еміленің шырма-шатурна іліккен қазақ сөзі балдырланып шыға келеді. Оның үстіне, жинақта тек қана арабтың көшеней тілінің дыбыстарын беруге арналған қатаң «т», тілұшты «з», «с», көмекейлеп айтылатын «h, х» қаріптері қазақы дыбысталуы жұмсақ айтылатын «т», «з», «қ», «с» әріптерімен араласа қолданылды. Мұның үстіне, ол кезде қазақы дыбысты «қ», «ә», «ө», «ұ», «ү», «ң», «у» әріптері және тыныс белгілері мүлдем жоқ болатын. А. Байтұрсынұлының әліпбиі 1912 жылдан кейін ғана бірте-бірте айналымға түсе бастайды.

Мүрсейіттің қолжазбасы одан бұрын көшірілген болатын. Арада бір ұрпақ және латын мен кирилл қарпі ауысқан соң, шағатайшаны оқудың өзі мәселе болып қалды» [1].

Қағазға түсіріп отырып тілдің дыбыс бойынша оқылуының нендей кілтипаны болғанын көрсетуі – текстологияның ең бір жанды жерінде жасырынған сырын ашуы. Осында келтірілген Абай сөзінің қаншалықты дұрыс оқылу қиындығы «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңіндегі «Көре тұра», «Кері тұра», «Кере тұра» болып жазылып жүрген бір сөз сынды Абай текстологиясындағы түйткілді он-сан сөздің, Абай текстологиясы ғана емес, қазақ текстологиясындағы жаппай, жамырап өре түпе келетін көп-көп бір сөзден өрбіп, біртіндеп басқа-басқа болып кеткен ұғым атауларының жалпы түйткілінің түйініне қарайлататын «қызық» фактісі, түп себептерінің бірі.

«Мәселенің басы ашық болуы үшін мен 1909 жылғы жинақтың кез-келген бетін ашып бір жол өлеңді әріп не әріп қағазға түсіремін, назар салыңыз: «Аоран килар аорилармз кил житди жош мнан сонқдине барин кориб». Енді осы жолды қазақша қалай оқисыз? Сөзбе сөз қазақшалайық. «Орақ келер арылармыз кел жетті жылы мен сойықтың бәрін көріп». Ал осыдан: «Орақ келер орылар мезгіл жетті, Жылы менен суықтың бәрін көріп» – деген Абайдың сөзін ажыратып шығарудың өзі жұмбақ шешкендей қиямет» емес пе. Соның ішінде, «кил, кел» деген сөздің – «кез», «мезгіл» деген сөз екендігін екінің бірі дәл тауып орнына қоя бермейді. Абайдың текстологиясына қатысты мәселелердің әлі де дұрыс шешілмей келе жатуының негізгі себептерінің бірі осында. Не қадымша емес, не қазақша емес «жалаңқая», «сұм құрбат», «сым қырбат» сияқты сөздердің орын алуы осындай жаңсақтықтардан туындаған.

Ал Шериаздан Марсеков пен Хаткер-кәтіптің қолжазбаларында мұндай жаңылтпаштар жоқ. Бірден: «Сонан бері рақымсыз көп жыл өтті, Орақ келер, орылар мезгіл жетті», – деп еш жаңылыссыз және күмән-күдіксіз судыратып оқи бересіз. Өйткені, біріншіден, екі хатшы-кәтіп те 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіттің қолжазбасындағы әріптерді де, шағатайшаны да, жәдит-татаршаны да, ортақ тілдің орфографиясы мен сөздің мазмұнын да, ең бастысы Абайдың өлеңдерінің түпнұсқадағы үлгісін де еркін меңгерген. Бұл қолжазбаны сауат ашу үйірмелеріне қатысушы ересектермен бірге мектептердегі шәкірттер де оқитын болғандықтан да барынша ықтиятты әрі түсінікті көшіруге ұмтылған» [1].

Қолжазбаларды мәтіндік салыстырудағы өзіндік оңтайлы әдістермен бөлісіп отыратын, бұл салыстыруға Мүрсейіт қолжазбалары тартылмағандығы, осы бағытта тұтас ғылыми ұжым жұмыс жүргізу қажеттілігі туралы автор ойлары, әрине, орынды, құптарлық.

Тұрсын Жұртбайдың Абай текстологиясын зерттеуде ескерілуі міндетті бірқатар құбылыстарды ғылыми зерек аңғарымпаздықпен атап өтіп отыруында Ш. Марсеков қолжазбасының Абайдың 1909 жылғы жинағы мен Шәкәрімнің қолжазба дәптеріндегі өлеңдерін салыстыра жазған деген болжам да бар. Ықтимал болжам. Түпдерегін танып барып атқарылар келешек зерттеулердің жобаланып отыруы да абайтануға олжа салар ізгі ниетті, игілікті бастама.

Шәкәрім қолжазбасының түпнұсқасы архивте сақталғаны, ол нұсқаны Бейсенбай Байғалиевтің нөмірін айналымға қосқаны тұрғысындағы деректер – ізіне түсіп жүрген зерттеушілердің өзінің бірі білсе, бірі білмейтін ақпарат.

Т. Жұртбай өз қолындағы Ш. Марсеков қолжазбасы мен Шәкәрімнің архивтегі қолжазбасын, басқа да қолжазба нұсқаларды зерттеуді бір шәкіртіне ғылыми тақырып ретінде ұсынып отырғанын да құлаққағыс еткен. Көп дүниені анықтауға септігі тиетін жоба қолға алынған екен. Т. Жұртбай жазу білетін жас мамандарды шырақ алып іздеп тауып, ғылымға баулуда да озық өнеге танытып отыр.

Ұзын-ырғасында қалдырып кетуге «қимайтын» мол ақпараттық-танымдық құнар тұнған бұл жинақтың екінші тарауы – «Қабыл көрсе сөзімді, кім тасыса – сол алсын...».

Мәтіндік айырмашылықтарды жүйелеу және талдау» деп айқындама берілген тарау.

Осы жұмысында Тұрсын Жұртбай мәтіндік нұсқалардың көшірілу, жиналу, сақталу, басылым деректерін сан-тараптан, дәлел-дәйегімен айналымға тартып отыруына қоса қазақы

текстологияның айрықшалықтары, жалпы текстология теориясы тұрғысында терең танымдық-теориялық тоқтамдарға барып отыратын тұстар бар.

Әр сөзді арғы тарихпен, тұтас ұлттық мінез-танымен, қилы себептермен тамырланып жатқан мығым, тірек тұғырында тану, табу міндетінде Абайда «араша» сұрап тұрған ұғым, сөз аталымдардың аз емес екендігін екінің бірі көріп, естіп, біліп жүр десек, асыра айтқандық емес. Текстологиялық жұмыстағы қилы объективті, субъективті «әрі тарт – бері тарттың» оқшау проблемасынан арылу да оңай болмайтын шаруа. Абай сөзінің генетикасына барудың қиын шаруасында «мен білемінге» орын жоғын да орынды ескертеді.

Т. Жұртбай мәтіндік салыстырудың міндетті негіздерінде бірнеше нұсқа бойынша бірнеше жүлгеде жұмыс жасайды.

Бірінші – «**Әр сөзіне қарасын...**» жеке сөздің мағыналас немесе реңк астары өзге сөзбен ауысып қолданылуы.

Мұндай айырмашылықтың тек негізінен ауызша тарап, ауызша сақталған шығармаларда ғана емес, басылым мәдениеті қалыптасқан әдеби мұрада да бар екендігін атап көрсете келіп, осының арғы себебіне тартып жатқан күрделі көркемдік иірімдер жайын тарқата баяндайды.

«Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңіндегі «Тағдыр жоқ өткен **адам** қайта келмек» пен «Тағдыр жоқ өткен **өмір** қайта келмек» нұсқаларында көшіріліп, басылым көріп жүрген бір тармақ Абай текстологиясындағы «Өлең – сөздің патшасы» – «Өлең сөздің патшасы»; «Өз басына би болған» – «Бас-басына би болған», т.б. сынды түйткілдердің бірі.

Тағы бір мысал «Жанын сатқан мал үшін» мен «Арын сатқанға» қатысты келтіріледі.

«Міне, текстологиялық салыстыру мен талдаудың қажеттігі осыдан келіп туындайды. Ол үшін сөз басындағы мәтінтану іліміне қойылатын талаптарды орындап барып, ұсыныс (иә, ұсыныс, үкім емес, өйткені шығармашылық түсінікке үкім жүрмейді), пікір білдіру керек.

Ш. Марсеков қолжазбасында Абай жинақтарының барлығындағы «**Әсемпаз** болма» «Әсемпоз» деп жазылған екен. «Әсемпоз» да әдемі естілетін сияқты. Тіл заңдылығында осылай айтылатын сөздерді де қамтып қарау керектей көрінеді. «Әсемпоздың» экспрессиясы басымдау да сияқты.

Сөздің жазылу, мағыналық ауытқулары бағытында Абайдың әр өлеңінде бір нұсқаны басқа басылым, көшірме қолжазбалармен салыстыруда толып жатқан айырманың болатыны Т. Жұртбай салыстырып отырған Ш. Марсеков қолжазбасы мен 1909 жылғы жинақ көшірмесі, 1909 жылғы жинақтың түпнұсқа кітабы, 1961, 1995 жылғы Абай жинақтарының мәтіндік қалпында да ондаған сөз фактісінде нақтылы аталып айтылып, көрсетіліп отырған. Қай жазылым қисынды дегенде, өзіндік субъективті ұйғарымның болып отыратындығы – текстологияның төл «проблемасының» бірі. Мұндай тұстар қисынды тоқтамдары басым түсіп отыратын Тұрсын Жұртбайдың жеке сөз фактісіндегі өзіндік таңдау, байламдарында, нақты біріне жүгіну тәжірибесінде де жоқ деуіміз жөн болмас еді.

Ондаған сөз нұсқасын қисынына қарай салмақтап отырып ой тастаған Тұрсын Жұртбайдың орынды ұсынысынан туындар міндеттер бар.

«Қолжазбалар мен жинақтардың арасындағы мұндай мәтіндік айырмашылықтар салыстырылып көрсетілді. Енді солардың мағыналық астары мен емеуірінін салыстыра талдап, бір шешімге келу керек. Оған Абай шығармаларының терминологиясы жөніндегі арнайы комиссия ғана үкім айта алады» [1].

Екінші жүлге «Бір сөзді бір сөзіне қиыстырар» деп аталыпты. Жалғау, шылау, жұрнақ «арасындағы» мәселелер.

«Өйткені, үстірт қарағанда, соншама елеусіз болып көрінгенімен, бұл жұрнақ, жалғау, шылаудың өзі мәтінтанудағы ең шетін ғылыми мәселенің бірі» (сонда, 7-б.).

Үшінші жүлгеде өлең құрылымы мен мағынасына өзгеріс әкелмейтін жекелеген сөздердің орын ауысып қолданылу жайына қатысты дерексөз, дәйек-тоқтамдар мазмұн түзген.

Төртінші жүлге өлең мазмұнын өзгертіп тұрған сөздер бойынша. Бұл тұрғыда келтірілген мысалға алынған «Өз басына» мен «Бас-басынаға» қатысты «дау» – ежелгі «дау».

Сөз нұсқаларын мағыналық негізінде, мәнмәтін аясында саралауда Тұрсын Жұртбай салыстырып отырған Абай өлеңдері көшірме, басылым жинақтарының не дегенде де кемдік ететінін айтқан жөн. Жеке бір сөздің жазылу, оқылу, басылымында кеткен техникалық жаңсақтық та; Абай сөзінің тегіне көбірек келетін қисыны да; жалпы бейтарап тұрғанның өзіндегі сөз қуаты, экспрессиясы да; толып жатқан басқа тарихи-грамматикалық, тарихи-әлеуметтік, тарихи-психологиялық факторлар мүмкіндігінше ескеріліп барып бір тоқтам жасауға келетін де, көнбейтін де сөз фактілері болатындығы да мәселені шиеленістіріп отыратын, келе жатқан текстологиялық түйткілдер Абай мұрасының мәтіннамалық мәселесінде тұтас бір ғылыми арна түзіп отырғандығы бағытында кең, кешенді салыстырулардың күн тәртібінде тұрғандығын уақыт озған сайын сезіне түсіп отырмыз. Кейінгі жылдары Мүрсейіт Бікіұлының көшірме қолжазбаларының көпке мәлім 3 нұсқасынан бөлек және 2 нұсқасы айналымға қосылды. Білікті шығыстанушы, жазу жөніне жетік мамандар Мүрсейіт Бікіұлының көшірмелерін қазіргі қаріпке түсірді. Осы қолжазбалардың ішінде А. Байтұрсынұлы әліпбиімен көшірілгені де бар.

Тұрсын Жұртбайдың қолжазба нұсқаларымен жұмыс жүргізу әдістемесі, саралау қисыны, сөз жоқ, Абай текстологиясының толып жатқан өзекті мәселелерінде өзіндік мәнге ие болатын, танымдық-теориялық негізделуіндегі ғылыми тұғырларымен маңыздана түсетін олжалы еңбек. Алтыншы жүлгеде оқу, көшіру барысында жаңсақ жазылған сөздер бойынша саралау жасалған. Зерттеу зердесі, сөз «қорғау» уәждемесі табанды тұстары басым.

Мысалы: Ш.М. (Қартайдың, қайғы ойладың, ұйқы сергек): Өзімнің **еткенімнен** болды демей, Жеңді ғой деп шайтанға болар көмек – жинақтарда: Өзімнің **иттігімнен** болды демей.

Расында да, назар аударатын сөздер. Абай: өзінің алаяқ істерінен көрмей, көкбеттік долы ерегеспен арандатуға ерік бергендерді айтып отыр ма, жоқ, сол мінезді «иттік» ретінде жек көре әшкерелеп отыр ма? Егерде өлеңдік қуат, өтімділік тұрғысынан келсек, «иттіктің» иттігі басым. Ал, қаншама үңіліп оқысақ та Ш. Марсековте «е» әрпі анық түсіп тұр» [1].

Кеңестік кезеңнің саяси ыңғайда сөз түзеуге бейім бір ерекшелігінің жемісінен мысалдар да келтіріледі.

Осы еңбекте қолжазбалар мен басылымдарды салыстыра оқу барысында жазылуы толық ажыратылып оқылмаған, мазмұндық ұғымы да көмескі, сөз түбірі күмәнді, дүдәмал ойда қалдыратын тіркестер мен сөздер бойынша да бірқанша айырмашылықтар аталып көрсетілген.

«Сегіз аяқ» өлеңіне қатысты айтылған дұрысы «Пайдасыз таңын, Байлаусыз ақыл» дегендей уәжді тоқтамдары назар аударады.

Сегізінші жүлгеде бір қолжазбада бар, екіншісінде жоқ сөздер мен өлең жолдары, тұтас шумақтар туралы айтылған.

«Бір дәурен кемді күнге бозбаланың» өлеңі бойынша Ш. Марсеков қолжазбасында бар деп берілген «Жақсы айғырда бие жоқ ат туарлық» тармағының жинақтарда «Үзілмес үмітпенен бос қуардың» болып келетіні бұл тармаққа қатысты тың дерек емес.

1909 жылғы кітапта «Жақсы айғырда бие жоқ ат туарлық» жазылған.

Екіншісі – 1933 жылғы жинаққа түзету жасағанда М. Әуезов кіріктірген тармақ. Ол туралы абайтануда айтылып жүр.

Тоғызыншы жүлге саналы түрде жасалған мәтіндік өзгерістер мен ауыстырулар туралы. Бұл тұста Т. Жұртбай өлең екпіні, ырғағы, осыған орайлас орны ауысып айтылған сөздерден мысалдар келтіреді. Осы мәндес мысалдардың қайталанып келіп отырғандығы бар.

Оныншы жүлгеде қолжазба, жинақтағы сөз нұсқаларының басқа-басқа болып жазылу фактісін зерделейді.

«Ант ұрғанға жолама, кетсін қаңғып» та, «қосылма» да, «кел, кет қаңғып» та бар.

«Бетімді шал сипаған» (Ш.М.).

Жинақтарда – «Етімді».

Он бірінші жүлге «Ш. Марсеков қолжазбасындағы Абайдың өлеңдік мәтіндеріне үйлеспейтін сөздер» мәселесі бойынша.

Абай текстологиясын айналымға енді түсіп отырған қолжазба нұсқалар бойынша пысықтаудың қара жұмысында, қиын қисын – теориялық негіздемесінде саралау бағытындағы Тұрсын Жұртбайдың аталған еңбегінде үлкен жұмысы ретінде көп септігі тиетін тың нәтижелер де бар; әлде де «қырықпышақ» дауға сұранып тұрған, төрт аяғы тең түспеген тұспал-жорамалдар да ұшырасады. Тілді мейлінше нәзік сезінетін, кесімді, дөп тоқтамдарымен көпке жаққан зерттеуші бұл пікірімізді кінә тағу деп қабылдамайтынына сенеміз.

Қорытынды

Қорыта келгенде, ғалым Тұрсын Жұртбайдың «Білмей мұны жазған жоқ (Абай өлеңдерінің көшірмелері: факсимиле, текстологиялық салыстыру және мәтіндік талдау)» атты іргелі зерттеуі – отандық абайтану мен мәтінтану ғылымына қосылған сүбелі әрі олжалы еңбек. Ұзақ жылдар бойы тарихи-саяси қысымдар мен қуғын-сүргін салдарынан Абай мұрасының жиналу, сақталу шежіресінде қағаберіс қалып келген Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Алаш арыстарының (Шериаздан Марсеков, Райымжан Марсеков т.б.) тағдырлы қызметі осы зерттеу арқылы ғылыми айналымға қайта оралды.

Зерттеу барысында сараланған Шериаздан Марсеков көшірмесі мен аты беймәлім хаткер-кәтіптің 1909 жылғы жинақтан түсірген көшірме дәптерлері Абай текстологиясындағы ондаған жылдар бойы талас тудырып, біржақты шешімін таппай келе жатқан түйткілдерге нақты әрі дәйекті жауап береді. Бұл қолжазбалардың басты артықшылығы мен ғылыми құндылығы – оларды хатқа түсірушілердің шағатай, жәдит-татар, төтеше және кирилл жазуларын еркін меңгергендігінде, сондай-ақ Абай өлеңдерінің түпкі мәтіні мен рухын жатқа білгендігінде. 1909 жылғы тұңғыш басылымдағы және Мүрсейіт қолжазбаларындағы араб графигінің қазақы төл дыбыстарды таңбалаудағы кемшіліктері салдарынан пайда болған шұбарланулар («жалаңқая», «сұм құрбат», «кил/кел» т.б.) осы көшірмелер негізінде жүйелі түрде түзетіліп, түпнұсқаға барынша жақын нұсқа ретінде ұсынылған.

Сонымен қатар автордың мәтіндік айырмашылықтарды он бір дербес жүлгеге бөліп (жеке сөздердің мағыналық ауысуы, жалғау-жұрнақтар, өлең ырғағы мен екпіні, саяси ыңғаймен өзгертілген тіркестер т.б.) зерделеуі – қазақ текстологиясының әдіснамалық деңгейін жаңа сатыға көтергенін көрсетеді. Әрине, зерттеуші жасаған кейбір тұспал-жорамалдар мен жекелеген сөздерге қатысты таңдаулары алдағы уақытта да ғылыми ортада қызу пікірталас туғызуы мүмкін. Алайда, еңбектің басты нәтижесі – ол Абай мұрасын тек қолда бар белгілі нұсқалармен ғана шектемей, қазақ жазуының әр кезеңдегі күрделі эволюциясымен, архив деректерімен және кешенді мәтінтану талаптарымен ұштастыра қарастырудың өміршең үлгісін жасап берді.

Қазіргі абайтануда мәтінді зерттеу оның нұсқаларын салыстырумен ғана шектелмей, мәтіннің семантикалық, тілдік және интерпретациялық қабаттарын кешенді қарастыру бағытында дамып келеді. Р. Хасенова мен М. Саркулова Абай поэзиясын семиотикалық тұрғыдан талдап, мәдени кодтардың мәтінді қабылдау мен түсіндірудегі маңызын көрсетеді [9]. К. Оралбекова және авторлар Абай шығармаларының түпнұсқасы мен аударма нұсқаларын салыстыра отырып, олардың көркемдік, құрылымдық, ырғақтық және стилистикалық ерекшеліктерінің интерпретацияға ықпалын айқындайды [10]. Ал А. Мурсал және авторлар Абай шығармаларындағы көнерген кітаби лексиканы лингвостатистикалық тұрғыдан зерттеп, оның мәтіннің тарихи-тілдік табиғатын танудағы маңызын көрсетеді [11].

Тұрсын Жұртбайдың жинақ соңында: «*Артық-кемін алғап-талғап аларсыздар*», – деп ағынан жарылуы – оның зерттеушілік парасаты мен ғылыми адалдығының белгісі. Мақалада атап көрсетілгендей, бұл түйткілдерге түбегейлі әрі заңды нүкте қою – болашақта Абай шығармаларының терминологиясы мен мәтіні жөніндегі арнайы ғылыми комиссиялар мен кешенді ғылыми ұжымдардың еншісіндегі шаруа. Қорыта келгенде, аталған жұмыс қазақ жазба мәдениетіндегі көне жәдігерлерді оқу, мәтінді түгендеу және Абайдың түпнұсқа сөзін бұрмалаусыз келешек ұрпаққа жеткізу жолындағы іргелі бағдаршам болып қала береді.

Әдебиеттер

1. Жұртбай Т.Қ. Білмей мұны жазған жоқ: мәтінтанулық зерттеу. 1-кітап. – Нұр-Сұлтан: Алашорда, 2021. – 448 б.
2. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы: үш томдық. 1-том / томды құрастырып, баспаға дайындағандар: К.І. Матыжанов, Қ.Қ. Мәдібаева, Т.М. Шапай, Т.Е. Қыдыр, Б. Тұрсынбайұлы, А.Н. Жұматаева. – Алматы: Жазушы, 2020. – 640 б.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы: қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
4. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы: үш томдық. 2-том / томды құрастырып, баспаға дайындағандар: К.І. Матыжанов, С.С. Қорабай, Т.М. Шапай, Т.Е. Қыдыр, Е.Т. Шүкіман, А.Н. Жұматаева. – Алматы: Жазушы, 2020. – 528 б.
5. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы: үш томдық. 3-том / томды құрастырып, баспаға дайындағандар: К.І. Матыжанов, С.С. Қорабай, Т.Е. Қыдыр, П.Т. Әуесбаева, А.Н. Жұматаева. – Алматы: Жазушы, 2020. – 488 б.
6. Мұхамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында. – Алматы: «Қайым Мұхамедханов атындағы білім және мәдениет орталығы» қоғамдық қоры, 2010. – 164 б.
7. Әуезов М.О. Абай Құнанбаев / құраст. Н. Ақбаев. – Алматы: Санат, 1995. – 318 б.
8. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі: монография. – Алматы: Санат, 1995. – 208 б.
9. Khassenova R., Sarkulova M. Abai’s poetry in Eco’s semiotic light // Chinese Semiotic Studies. – 2024. – Vol. 20, No. 2. – P. 327-355. – DOI: 10.1515/css-2024-2016.
10. Oralbekova K., Kapantaikyzy Sh., Akhmetova M., Orazbek M., Kenzhebayeva G. Problems of Reception, Understanding, and Interpretation of Abai’s Works // Interdisciplinary Literary Studies. – 2024. – Vol. 26, No. 2. – P. 162-178. – DOI: 10.5325/intelitestud.26.2.0162.
11. Mursal A., Tlegenova G., Zhanabekova A., Cherepanova A. Archaic Bookish Words in Abai Kunanbayuly’s Works: A Linguostatistical Analysis // Forum for Linguistic Studies. – 2025. – Vol. 7, No. 3. – P. 195-208. – DOI: 10.30564/fls.v7i3.8506.

References

1. Zhurtbai T.Q. Bilmei muny zhazgan zhoq: matintanulyq zertteu. 1-kitap [He Did Not Write This Unknowingly: A Textological Study. Book 1]. – Nur-Sultan: Alashorda, 2021. – 448 p. (in Kazakh)
2. Abai. Shygarmalarynyn akademiialyq tolyq zhinagy: ush tomdyq. 1-tom [Complete Academic Collection of Works: In Three Volumes. Vol. 1] / Compiled and prepared for publication by K.I. Matyzhanov, Q.Q. Madibaeva, T.M. Shapai, T.E. Qydyr, B. Tursynbaiuly, A.N. Zhumataeva. – Almaty: Zhazushy, 2020. – 640 p. (in Kazakh)
3. Baitursynov A. Til tagylymy: qazaq tili men oqu-agartuga qatysty enbekteri [Language Lessons: Works on the Kazakh Language and Education]. – Almaty: Ana tili, 1992. – 448 p. (in Kazakh)
4. Abai. Shygarmalarynyn akademiialyq tolyq zhinagy: ush tomdyq. 2-tom [Complete Academic Collection of Works: In Three Volumes. Vol. 2] / Compiled and prepared for publication by K.I. Matyzhanov, S.S. Qorabai, T.M. Shapai, T.E. Qydyr, E.T. Shukiman, A.N. Zhumataeva. – Almaty: Zhazushy, 2020. – 528 p. (in Kazakh)
5. Abai. Shygarmalarynyn akademiialyq tolyq zhinagy: ush tomdyq. 3-tom [Complete Academic Collection of Works: In Three Volumes. Vol. 3] / Compiled and prepared for publication by K.I. Matyzhanov, S.S. Qorabai, T.E. Qydyr, P.T. Auesbaeva, A.N. Zhumataeva. – Almaty: Zhazushy, 2020. – 488 p. (in Kazakh)
6. Mukhamedkhanov Q. Abai shygarmalarynyn tekstologiiasy zhaiynda [On the Textology of Abai’s Works]. – Almaty: Qaiym Mukhamedkhanov Center for Education and Culture Public Foundation, 2010. – 164 p. (in Kazakh)
7. Auezov M.O. Abai Qunanbaev [Abai Kunanbayev] / Compiled by N. Aqbaev. – Almaty: Sanat, 1995. – 318 p. (in Kazakh)

8. Syzdyqova R. Abaidyn soz ornegi: monografiia [Abai's Word Patterns: Monograph]. – Almaty: Sanat, 1995. – 208 p. (in Kazakh)
9. Khassenova R., Sarkulova M. Abai's Poetry in Eco's Semiotic Light // Chinese Semiotic Studies. – 2024. – Vol. 20, No. 2. – P. 327–355. – DOI: 10.1515/css-2024-2016
10. Oralbekova K., Kapantaikyzy Sh., Akhmetova M., Orazbek M., Kenzhebayeva G. Problems of Reception, Understanding, and Interpretation of Abai's Works // Interdisciplinary Literary Studies. – 2024. – Vol. 26, No. 2. – P. 162–178. – DOI: 10.5325/intelitestud.26.2.0162
11. Mursal A., Tlegenova G., Zhanabekova A., Cherepanova A. Archaic Bookish Words in Abai Kunanbayuly's Works: A Linguostatistical Analysis // Forum for Linguistic Studies. – 2025. – Vol. 7, No. 3. – P. 195–208. – DOI: 10.30564/fls.v7i3.8506

К.К. Мадибаева
Институт литературы и искусства имени М.О.Ауэзова,
050010, Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, 28.
ORCID: 0000-0002-2396-1467
e-mail: Kapi-51@mail.ru

НОВЫЕ ДАННЫЕ В ТЕКСТОЛОГИИ АБАЯ

Аннотация. В статье рассматриваются новые данные и источники, имеющие значение для изучения текстологических вариантов наследия Абая и их введения в научный оборот. Основное внимание уделено двум рукописям из Восточного Туркестана, представленным в исследовании Турсына Журтбая «Білмей мұны жазған жоқ». Анализируются история сохранения, структура, особенности письма и текстовая организация рукописей Шериздана Марсекова «Абай Құнанбайұлының тәлімдері. Шәкәрім Құдайбердіұлының тәлімдері» и анонимного писца «Абай өлеңдерінің көшірмелері», а также их соотношение с первым изданием стихотворений Абая 1909 года и другими текстовыми источниками. На основе текстологического сопоставления, описания рукописей и историко-лингвистического анализа графики и орфографии выявляются факторы, влияющие на установление исходного текста произведений. Рассматриваются варианты отдельных слов, аффиксов, строк, строф, а также осознанные текстовые изменения и разночтения, возникшие в процессе переписывания и публикации. Обосновывается необходимость комплексного сопоставления рукописных и печатных источников в современной абаеведческой текстологии. Сделан вывод о научной ценности вновь вводимых рукописных материалов для дальнейшего изучения текстовой истории наследия Абая.

Ключевые слова: текстология Абая, наследие Абая, рукопись, Шакарим Кудайбердиев, Шериздан Марсеков, Зият Шакаримулы, текстоведение.

K.K. Madibayeva
M.O. Auezov institute of literature and art,
050010, Republic of Kazakhstan, Almaty, 28 Shevchenko Str.
ORCID: 0000-0002-2396-1467
e-mail: Kapi-51@mail.ru

NEW DATA IN ABAI TEXTUAL SCHOLARSHIP

Abstract. The article examines new data and sources relevant to the textual study of Abai's literary heritage and their introduction into scholarly circulation. Particular attention is paid to two manuscripts from East Turkestan discussed in Tursyn Zhurtbay's study «Білмей мұны жазған жоқ». The paper considers the preservation history, structure, script features, and textual organization of Sheryazdan Marsekov's manuscript «Абай Құнанбайұлының тәлімдері. Шәкәрім Құдайбердіұлының тәлімдері» and the anonymous copyist's «Абай өлеңдерінің көшірмелері», as well as their relationship to the first 1909 edition of Abai's poems and other textual sources. Textual comparison, manuscript description, and historical-linguistic analysis of writing and orthographic features are used to identify factors affecting the reconstruction of the original text. Variants of individual words, affixes, poetic lines and stanzas, as well as deliberate textual changes and copying-related discrepancies, are examined. The study emphasizes the need for comprehensive comparison of manuscript and printed sources in contemporary Abai textual scholarship. The findings demonstrate the scholarly value of newly introduced manuscript materials for further research into the textual history of Abai's heritage.

Keywords: Abai textual scholarship, Abai's heritage, manuscript, Shakarim Kudaiberdiuly, Sheryazdan Marsekov, Ziyat Shakarimuly, textual comparison, textual studies.

Автор туралы мәлімет

Мәдібаева Қанипаш Қайсанқызы – филология ғылымдарының докторы, профессор, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жетекші ғылыми қызметкері, Қазақстан Республикасы, Алматы, e-mail: Kapi-51@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2396-1467.

Сведения об авторе

Мадибаева Канипаш Кайсановна – доктор филологических наук, профессор, ведущий научный сотрудник института Литературы и искусства имени М.О.Ауэзова, Республика Казахстан, Алматы, e-mail: Kapi-51@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2396-1467.

Information about author

Kanipash Madibayeva – doctor of Philological Sciences, Professor, Leading Researcher at the M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Republic of Kazakhstan, Almaty, e-mail: Kapi-51@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2396-1467.

Редакцияға енуі 17.07.2026
Өңдеуден кейін түсуі 25.08.2026
Жариялауға қабылданды 26.09.2026

https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-3(7)-16
ҒТАМР: 17.07.31

Ш.С. Кеңесбаева
Шәкәрім университеті,
071412, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Глинка к-сі, 20 А
ORCID: 0000-0002-0563-8148
e-mail: shynar.k.s@mail.ru

ТӘҢІРБЕРГЕН ӘМІРЕНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ: ЖАРИЯЛАНБАҒАН ҚОЛЖАЗБАЛАРЫ ТУРАСЫНДА

Аңдатпа. Мақалада көптеген жыр жинақтарының, поэмалар мен публицистикалық мақала-очерктердің авторы, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі болған Тәңірберген Әміреновтің әдеби мұрасын толықтыратын ақынның ешқайда жарияланбаған қолжазба түріндегі өлеңдері қарастырылады. Сонымен қатар ақынның шығармашылық ғұмырбаянының беймәлім тұстары, балалық шақ пен есейген кездегі қиындықтар, ауылдық-қалалық жердегі атқарған қызметтері, кейіннен Ресей жеріне қоныс аудару себептері жан-жақты зерттеледі.

Зерттеуде Абайдың ақындық дәстүрін жалғастырушы, айтыскер ақын, сазгер, шежіреші Т.Әміреновтің ой-өрісі мен дүниетанымы, ақындық позициясы мен диапазоны, суреткерлік қарымы туындыларынан, шығармашылық өмір жолынан айқын көрінетіндігі сипатталады.

Қиын-қыстау кезеңдерді бастан кешкен жаңашыл ақын етектен тартқан кейбір жайсыз жайттарды, адам бойындағы жағымсыз қылықтарды батыл сынады. Осы сыншыл поэзиясы үшін түрлі саяси кінә-айыптаулар тағылып «үкіметке қарсы шықты» деген үкіммен 25 жылға сотталғандығы архив деректерімен көрсетіледі. Т.Әміреновтің жарық көрген өлең жинақтарында ақынның өмірі мен шығармашылығы жайында алғы сөздің жазылмауы сөзімізге дәлел бола алады. Бірнеше жыл айдауда азап шеккен ақын өмірінің көлеңкелі тұстарын бейнелейтін туған жерге, бала-шағаға, туған-туысқа деген сағынышқа толы сазды лирикалық поэзиясы мен шындық пен бостандықты, әділдікті аңсаған азаматтық сарындағы құнды туындылары осы мақалада терең қамтылып, сарапталады. Тәңірберген Әміренов шығармашылығына қатысты тың деректер, баспа бетінде жарияланбаған белгісіз туындылары ҚР ҰҒА кітапханасындағы қолжазбалар қорынан және көптеген мұрағат дереккөздерінен алынғаны дәлелденеді.

Мақаланың негізгі мақсаты – Т. Әміреновтің шығармашылық өмірі мен жарияланбаған туындыларындағы ақындық қолтаңбасын, поэзиядағы лирикалық даралық сипатын анықтап, тақырыптық-идеялық ерекшеліктерін ашып көрсету.

Тірек сөздер: әдебиеттану ғылымы, ұлттық әдебиет, қолжазба, ақын, лирикалық қаһарман, халық поэзиясы, эпика.